

Жамбыл облысы әкімдігінің білім басқармасы Талас ауданының  
білім бөлімінің «Дәния» бөбекжай бақшасы» мемлекеттік коммуналдық  
қазыналық кәсіпорын

Ертеңгілік

«Айналайын» ересек топ

# *«Төрлет, төрлет Наурыз!»*

Тәрбиешілер: Ж. Жұмағұлова  
Ә. Жаназарова

Талапты ауылы  
2023-2024 оқу жылы

Тексерілді:

Әліскер А Наленова

**«Төрлет, төрлет Наурыз!» ертеңгілік**

**Хабаршы:**

Сүйінші! Сүйінші! Сүйінші! Көктем келді! «Дәния» балабақшасының Наурыз тойы басталды. Естімегендер естіндер. Тойдан қалып қоймандар.

**Жүргізуші:**

Келіңіздер, Наурыз тойға бәріңіз бүгін  
Аямас бүлдіршіндер ән мен жырын  
Тойлайық халық тойы Наурызымның  
Шуағын жерге төккен бақыт күнін  
Келіңіздер, Наурыз күнін қарсы алайық  
Билейік, жыр жырлайық, ән салайық  
Қаһарлы қыстан өтіп, наурыз келді  
Арқанды кеңге салшы, уа халайық!

(ортаға балалар шығады)

Құрметті қонақтар, алыстан ат арылтып келсең айран ұсынып, қонақ десе құрт майын сақтаған абзал әжелер, күлкісі әсем аналар мен жеңгелер, жарқын жүрсе қылығымен сүйсінткен аяулы апа-сіңділер, ұстаздар мен балалар! Төл мерекеміз Наурыз мейрамы құтты болсын!

Күлімдеген шуакты көктеммен бірге қазақ даласына жер әлемді жайнатып, әнші құстарды сайратып, Наурыз тойын тойлатып Жаңа Жыл келеді. Ендеше, той құтты болсын! Ұлыс оң болсын! Ақ мол болсын! Ұлы мереке сіздерге тек жақсылық әкелсін!

**Жүргізуші:** Балалар біздер Ұлыстың Ұлы күні ақ бата алып, шашу шашатын кім екенін білесіндер ме?

**Балалар:** Қыдыр Ата!

**ҚЫДЫР АТА:** Сұрасаң бата берейін,

Үстем болсын мерейін

Ықыласпен қол жайсаң,

Ақ тілекті төгейін

Ұлыс оң болсын

Ақ мол болсын

Қайда барсаң жол болсын!

Ұлыс бақты болсын,

Төрт түлік ақты болсын! Әумин!

Наурыз келді, жайраң қақты таң күліп,  
Жап-жасыл болып кетті дүние жаңғырып.

Жақсылыққа жаршы болған Наурызым!  
Сен өмірдің көктемісің мәңгілік!  
Осы көктемнің мерекесіне арналған әнімізді шырқап берейік

Ән: «Нұрлы көктем» (қыздар)

Тақпақтар  
Мерейлім:  
Наурыз келді еліме  
Наурыз келді жеріме  
Байлық бақыт тілеймін  
Бүкіл қазақ еліне!

Медина:  
Келе жатыр жылымыз,  
Мейрамдаймыз мұны біз.  
Жас балаша нұрланып,  
Жадырасып бәріміз.

Бақытжан:  
Наурыз тойы, Наурыз тойы,  
Құтты болсын ағайын.  
Наурыз тойы, Наурыз тойы,  
Келді біздің Жаңа жыл!

Арсен:  
Осыншама жақсылық  
Алып келген Наурызым  
Төрлет бізге нұр беріп,  
Шуақ шашып ақ жүзің!

Хантемір:  
Наурыз шаттық әніміз  
Салтанатты сәніміз  
Ән саламыз бәріміз  
Би билейміз бәріміз

Айдай:  
Наурыз айы — гүл айы  
Наурыз айы — нұр айы  
Наурыз айда халқымның  
Құлпыра түсер шырайы

Хантөре:

Уа, халайық, халайық!  
Әсем әнге салайық  
Наурыз тойын көңілді  
Бірге қарсы алайық

Ерқанат:

Сәнді көктем нұрымен  
Наурыз тойы жырымен  
Көңіл гүлдей жайнасын  
Наурыз тойы тойлансын

Жансезім:

Ашылды да кебеже  
Дәм әзірлеу басталды  
Әжем наурыз көжеге  
Жеті түрлі ас салды.  
Арпа, бидай, тары бар  
Қатық, малта, тағы бар  
Ішілетін, жейтінін

Даяна:

Аспанымда ақша бұлттар аунайды,  
Наурыз тойы көңілімді баурайды.  
Тебіренген табиғат та мәз мейрам,  
Аңкылдаған қазағымнан аумайды.

Илигай:

Кел балалар ойнайық,  
Наурыз тойын тойлайық  
Баянды боп мереке  
Қыр гүліндей жайнайық

Айсұлтан:

Бата беріп атамыз,  
Бата беріп әжеміз  
Тәтті болып жасаған  
Көжеден дәм татамыз

**Жүргізуші:** Қош келдің, Наурызым ардақты,  
Халқым саған бар үмітті арнапты

Жылда солай келе бергін жасарып,  
Гүлге бөлеп, нұрға бөлеп аймақты.  
Күн мен түн теңелді,  
Жер шуаққа кенелді  
Қуанышта ел енді  
Наурыз келді, салтымыз  
«Көгерсін»деп халқымыз  
Көшеге тал егеді.

Би: «Батырлар» ұлдар

**2-жүргізуші:**

Ерітіп қарын даланың,  
Жинатып гүлін саланың.  
Жетелеп жұмсақ самалын,  
Келді Наурыз – жыл басы.  
Күлімдеп қарап күміс күн,  
Аспаның бүркіп пүліш түн.  
Ұлы күні Ұлыстың,  
Келді Наурыз – жыл басы!  
Кезекті қазақша әнге берейік.

Ән: «Тұлпарым» ұлдар

**1-жүргізуші:**

Уа, халайық, халайық!  
Ақ сандықты ашайық,  
Бұл мереке, бұл тойдың  
Шашуларын шашайық!  
Шашу! Шашу!  
Көп шашайық шашуды,  
Жауғандай кеп аспаннан нөсер жаңбыр.  
Уа, жамағат, теріп ал несібінді,  
Ризығың болсын көл – көсір!

**2 -жүргізуші:**

Қашанда құт – береке орнасын деп,  
Тойларда шашу шашу - салты елімнің.  
Уа, халайық! Теріп ал несібінді,  
Қабыл болсын, жамағат, ақ тілеуің!

Би: «Қамажай» қызар

**Жүргізуші:** Рахмет балалар. Енді біздің балалар ұлттық ойын ойнап береді.

Ойын: «Қыз қуу» бір қыз қашады оны бес бала қуады кім бірінші барып бетінен сүйеді сол жеңіске жетеді.

**Қыдыр Ата:** Сәбилерің құтты болсын! Баланың бауы берік болсын! Кішкентай сәбиді әкеліндер азан шақырып атын қояйық!

**Әже:** Құндақталған сәбиді алып келеді!

**Қыдыр Ата:** Сен наурыз мерекесі күні дүниеге келгесін сенің атыңды Наурызбай қоямыз деп Сенің атың “Наурызбай” Сенің атың “Наурызбай” Сенің атың “Наурызбай” үш рет құлағына айқайлайды.

**Наурыз Әже:** Енді дүниеге келген сәбиді бесікке салайық! *Балалар, бесікке салу үшін Бесік, қолбау, аяқбау, шүмек, көрпе, көтшік . Бесік – қасиетті мүлік. Бесікті аластап, тыштырма жасап, баланы бесікке бөлейді. Бәле-жаладан сақтасын деп, ырымдап, оған тұмар тағып қояды.*

**Бала:** Әже! Бесікке баланы жатқызбас бұрын қандай ырым жасалады?

**Әже:** Баланы қырқынан шығарады.

**Бала:** Баланы қырқынан қай кезде шығарады?

**Әже:** Туылғанына қырық күн толғанда қырқынан шығарады. Қырық қасық суга түсіріп, ит көйлегіне тәттіні түйіп, оны иттің мойнына байлап жібереді.

Балалар итті қуып жетіп, тәттіні бөліп жейді. Ит көйлек – нәрестенің алғашқы көйлегі

**Жүргізуші:** Наурыз әже осы ойынды біздің балалар ойнап берсін

*Ойын: Бір бала ит болады оның мойнына кәмпит түйіп байлайды. Ол қашады оны балалар қуады. Ит болған балаға жеткен бала кәмпитті үлестіріп береді.*

**Әже:** Менің балаларым осы наурыз біздің жаңа жылымыз осы мерекеде мен үнемі наурыз көже пісіремін. Сол наурыз көжені қалай пісіру жолын айтып өтейін (әже наурыз көже пісіру жолын айтып береді)

**Құрметті қонақтар менің жеті түрлі дәм салған наурыз көжемнен ауыз тейіңдер! Ақ мол болсын!**



